

2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 3 шілдедегі № 54 қаулысы . Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 5 шілдеде № 8573 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2019 жылға арналған Науырзым ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Науырзым ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Науырзым ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Науырзым ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкімдіктің
2019 жылғы 3 шілдедегі
№ 54 қаулысына қосымша

2019 жылға арналған Науырзым ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

№ р/с	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ата-ананың бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)
			Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Б і р тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа құны (теңге)	
1	Қараменді ауылы	"Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Балдырған" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	115	30579	3 жасқа дейін – 7000, 3 жастан бастап - 8000
2	Дәмді ауылы	"Науырзым ауданы білім беру бөлімінің " Айгөлек" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	25	30579	3 жасқа дейін – 4000, 3 жастан бастап - 4000
3	Буревестник ауылы	"Науырзым ауданы білім беру бөлімінің " Нұрбөбек" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	45	30579	3 жасқа дейін – 5884, 3 жастан бастап - 7561
4	Өлеңді ауылы	"Науырзым ауданы білім беру бөлімінің " Балдәурен" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	25	30579	3 жасқа дейін – 5000, 3 жастан бастап - 5000

5	Шилі ауылы	"Науырзым ауданы әкімдігінің Қызғалдақ" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	" 25	30579	3 жасқа дейін – 4000, 3 жастан бастап - 4000
6	Қараменді ауылы	"Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Балапан" Бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	" 55	30579	3 жасқа дейін – 7000, 3 жастан бастап - 8000